ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:_____
Д.О.Алипова
Хаттама №1
«29» тамыз 2024 ж.

Келісемін:
ДОІЖО: _____
Г.Ж.Каркулова
«29» тамыз 2024 ж.

Бекітеміи:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры: _____
Е.К.Абдрасилов
«29» тамыз 2024 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Сынып жетекші: Садыкова Б.

Пәні: Әліппе

Сынып: 1 “В”

Сағат саны: 96

Шымкент қаласы

2024 - 2025 оқу жылы

«Әліппе» пәнінен 1-сыныпқа арналған
ұзақ мерзімді жоспар
Ә.Е.Жұмабаева, Н.Ж.Құрман, Б.А.Сабденова.
Алматы: Атамұра, 2021

Түсінік хат

«Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

1. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны А.Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдары негізінде айқындалды, олар оқулық жазуда басшылыққа алынады:

дыбыспен жаттығу	оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту
әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу	білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу

2. Әріп таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.
3. «Әліппе» пәнінің мақсаты – дыбыспен жаттығу, әріп таныту, оқуға, жазуға, ауызша және жазба мәтін құрауға үйрету арқылы білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.
4. Оқу бағдарламасының міндеттері білім алушының мынадай дағдыларын қалыптастыруды көздейді:

оқу әрекетіне бейімдеу	коммуникативтік дағдыларын (өз ойын толық жеткізе білу, өзгенің пікірімен санаса білу, әңгімелесу, сөйлеу әдебін сақтау) қалыптастыру
дыбыс, буын, сөз, сөйлем, сөйлеу (мәтін) туралы қарапайым түсінік қалыптастыру	тілдік бірліктерді (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) ажырату, салыстыру, топтастыру, талдауға үйрету
мәтіннен/сөйлеуден сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілетін дыбысы бар сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алу арқылы жаңа дыбыс пен әріпті таныту	тілдік білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алу
дыбысты әріппен таңбалап, әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету	танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту
дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға үйрету	ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту
сөзді буындап оқуға, тұтас оқуға, мәтінді мәнерлеп, түсініп оқуға машықтандыру	жеке тұлғалық қасиеті мен әлеуетін ашу
жазу дағдысын (қатесіз, көркем жазу) қалыптастыру	тұрақты зейіні мен есте сақтауын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген

	қызығушылығын қалыптастыру
сөздік қорын байыту	физиологиялық ерекшеліктерін ескеру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау

«Әліппе» пәнінің мазмұны

«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны:

қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен	қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан
негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс)	орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады

«Әліппе» пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

«Әліппе» пәнінің мазмұны I жартыжылдықта «Әліппе» оқулығы (әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат. а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) –12 сағат; с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;	*2-тоқсан:* б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат; ө, г, и, я, ю, х, h, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь- ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4сағ) – 24 сағат.	*Ескерту:* ң – 3 сағат, я, ю, х, h, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі.

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

-оқу әрекетіне қызығушылығын ояту; -сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, туралы қарапайым түсінік қалыптастыру; -сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру	-дыбыспен жаттығу: сөзге дыбыстық талдау жасау, сөзді созып айту арқылы неше буын бар екенін анықтау, сөздерді буынға бөлуге дағдыландыру, сөз ішіндегі және екі, үш буынды сөз ішіндегі дыбыстарды айыру, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, дыбыстарды, буындарды қосып, сөз айтуға дағдыландыру; -жазуға даярлау (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба сызу, әріп элементтерін жазу); -қабылдау, елестету, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, зейінін тұрақтандыру; байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру.

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттерін айқындауда А. Байтұрсынұлының шағын сөзді әдісі, дыбыспен жаттығу әдісі негізге алынды.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

Әліппе кезеңінің міндеттері:

-дыбысты әдіс арқылы жаңа дыбыс пен әріпті таныту; -дыбыстық талдау дағдыларын дамыту: мәтіннен/сөйлеуден сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілетін дыбысы бар сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алу; -дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру; -естілген дыбыстардың типтерін, яғни фонемаларды ажырата білуге үйрету; жеке дыбыстарды әріптермен таңбалау: әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;	-дыбыстық жинақтау дағдыларын дамыту: дыбыстардан буын, буындардан сөз, сөздерден сөйлем құрап оқуға, жазуға үйрету. -оқу әрекеттерін дамыта отырып, тілдік дағдыларын жетілдіру; -сөзді біртіндеп тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; -көркем жазу дағдыларын қалыптастыру; -сөздік қорын байыту; -өз ойын жеткізе білуге үйрету.

Әліппе кезеңінің міндеттерін айқындауда А.Байтұрсынұлының дыбысты әдісі, жалқылаулы-жалпылау әдісі, жазу-оқу әдісі негізге алынды.

Ескерту: І-жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

Әліппеге дейінгі кезең	Әліппе кезеңі			
графикалық диктант	әріптік диктант	буын диктанты	сөздік диктант	Диктант
1-3 таңба	3-5 әріп	3-6 буын	2-5 сөз	3-12 сөз

Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

Ескерту: тыңдалым материалының көлемі: 30 сек- 1мин.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөз саны 2-6-ден аспауы керек.

«ӘЛІППЕ» ПӘНІ БОЙЫНША КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Сыныбы: 1
Пән бойынша оқу жүктемесі: аптасына- 6 сағат, оқу жылында барлығы 96 сағат

р/с	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағ саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан (48 сағат)					
1	**Сөйлеу. Сөйлем.** Мен оқушымын.	1.1.1.1.Сөйлеу (мәтін), **сөйлем,** сөз, буын**,** дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	2.09	
2	**Сөйлеу. Сөйлем.** Сәлемдесу.	1.1.4.1*коммуникативтік қатынаста сөз әдебін **(сәлемдесу**, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	3.09	
3	**Сөйлеу. Сөйлем.** Мектептегі бір күнім	1.1.2.1* көмекші құралдар (тірек сызба, **сюжетті сурет**) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	3.09	
4	**Сөз.** Мен әдепті баламын	1.1.4.1* коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, **алғыс білдіру,кешірім сұрау,** өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	4.09	
5	**Сөз.** Жол бағытындағы ерекше белгілер	1.1.5.1* заттар мен құбылыстарды **сипаттауға,** салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	5.09	
6	**Буын** Хайуанаттар әлемінде	1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу**, буын санын анықтау;** 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың	1	6.09	

		жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.			
7	**Буын** Төрт түлігім-байлығым	1.1.1.1.Сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, **буын,** дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	9.09.	
8	**Дыбыс.** Ауладағы дыбыстар	1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	10.09	
9	**Дыбыс. Сөз.** Дыбыстар әлемінде	1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	10.09	
10	**Дыбыс Буын. Сөз** Бау -бақша да не өседі?	1.1.1.1.Сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, **буын, дыбыс** туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	11.09	
11	**Дыбыс. Буын. Сөз.** Сөмкеңде нелер бар?	1. 2. 8. 2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	12.09	
12	**Дыбыс.Буын. Сөз.** Білім - кітапта	1. 2. 8. 2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу. талаптарына сай жазу.	1	13.09	
13	**Аа** дыбысы және әрпі	1.1.2.1* көмекші құралдар (тірек сызба, **сюжетті сурет**) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай	1	16.09	

		жазу.			
14	**Аа** дыбысы және әрпі	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, **сюжетті суреттің** мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	17.09	
15	**Рр** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.		17.09	
16	**Рр** дыбысы және әрпі	1.2.5.1 *мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, **сюжетті суреттің** мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.3.3.1* сызба, сурет, белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру.	1	18.09	
17	Лл дыбысы және әрпі	1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, **дыбыс** пен **әріпті** бір-бірінен ажырату; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	19.09	
18	Лл дыбысы және әрпі	1.1.3.1* тақырыбы мен **иллюстрациясы бойынш**а мәтіннің мазмұнын болжау; 1.3.3.1* сызба, сурет, белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру.	1	20.09	
19	**Уу** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, **кідірісті сақтау,** ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу;	1	23.09	
20	**Уу** дыбысы және әрпі	1.2.8.3 дыбыстың мағына ажыратушы қызметін түсіну; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	24.09	
21	**Нн** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша **шағын әңгіме** құрау; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем,	1	24.09	

		мәтінді тексеру, қатені түзету.			
22	**Нн** дыбысы және әрпі	1.2.1.1* сөйлем, **сөз,буын**, дыбыстың графикалық сызбасын оқу; 1.4.1.1* айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді **көшіріп** және есту, есте сақтау арқылы жазу.	1	25.09	
23	**Не үйрендім? Небілдім?**	1.1.3.1* **тақырыб**ы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	26.09	
24	**Не үйрендім? Небілдім?**	1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	27.09	
25	**Сс** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында **дауыс ырғағын,** екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	30.09	
26	**Сс** дыбысы және әрпі	1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату**;** дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен бай/н көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	1.10	
27	**Оо** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен бай/н көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	1.10	
28	**Оо** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен бай/н көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	2.10	
29	**Тт** дыбысы және әрпі	1.1.2.1* көмекші құралдар (**тірек сызба**, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	3.10	
30	**Тт** дыбысы және әрпі	1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну;	1	4.10	

		1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.			
31	**Ққ** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, **әуен, қарқын,** кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	7.10	
32	**Ққ** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу**, мәнерлеп оқу, түсініп оқу)қолдану; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	8.10	
33	**Ыы** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен бай/н көркем жазу талаптарына сай жазу;	1	8.10	
34	**Ыы** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, **мәнерлеп оқу,** түсініп оқу)қолдану; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	9.10	
35	**Зз** дыбысы және әрпі	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	10.10	
36	**Зз** дыбысы және әрпі	1.2.8.3 дыбыстың мағына ажыратушы қызметін түсіну; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	11.10	
37	**Мм** дыбысы және әрпі	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ,мақал- мәтел, өлең, әңгіме, **ертегі)** ажырату; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	14.10	
38	**Мм** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	15.10	
39	**Ее** дыбысы және әрпі	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, **мақал- мәтел,** өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою;	1	15.10	
40	**Ее** дыбысы және әрпі	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (**жаңылтпаш,** жұмбақ, мақал- мәтел, өлең,әңгіме,ертегі) ажырату; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	16.10	
41	**Д д** дыбысы және әрпі	1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату;	1	17.10	

		1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.			
42	**Дд** дыбысы және әрпі	1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	18.10	
43	**Шш** дыбысы және әрпі	1.1.2.1* көмекші құралдар (тірек сызба, **сюжетті сурет**) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	21.10	
44	**Шш** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу)қолдану; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	22.10	
45	**Ұұ** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, **түсініп оқу**)қолдану; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	22.10	
46	**Ұұ** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, **екпін, әуен,** қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	23.10	
47	**Не үйрендім? Небілдім?**	1.1.5.1 * заттар мен құбылыстарды **сипаттауға,** салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	24.10	25/10 кір
48	**Не үйрендім? Не білдім?**	1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	25.10	
		2 тоқсан (48 сағат)			
49	**Бб** дыбысы және әрпі	1.1.5.1 * заттар мен құбылыстарды сипаттауға, **салыстыруға** қажет сөздерді қолдану; 1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату.	1	4.11	
50	**Бб** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу)қолдану; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	5.11	
51	**Йи** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, **түсініп оқу**)қолдану; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	5.11	
52	**Йй** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, **қимыл арқылы** жеткізу; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	6.11	

53	**Кк** дыбысы және әрпі	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша **сұрақ қою,** сұраққа жауап беру; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу.	1	7.11	
54	**Кк** дыбысы және әрпі	1.1.3.1* тақырыбы мен **иллюстрациясы бойынша** мәтіннің мазмұнын болжау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу.	1	8.11	
55	**Іі** дыбысы және әрпі	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, **жұмбақ,** мақал- мәтел, өлең,әңгіме,ертегі) ажырату; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	11.11	
56	**Іі** дыбысы және әрпі	1.1.6.1 тыңдалым материалына өз ойын білдіру; **1.4.1.1*айтылуы мен** жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,есте сақтау арқылы жазу.	1	12.11	
57	**ң** дыбысы және әрпі	1.1.2.1* көмекші құралдар (**тірек сызба,** сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.3.3.1* сызба, **сурет,** белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру.	1	12.11	
58	**ң** дыбысы және әрпі	1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, **дыбыс** пен **әріпті** бір-бірінен ажырату; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету;	1	13.11	
59	**ң** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында **дауыс ырғағын**, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу.	1	14.11	
60	**Ғғ** дыбысы және әрпі	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, **сұраққа жауап беру**; 1.4.1.1* **айтылуы** мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу.	1	15.11	
61	**Ғғ** дыбысы және әрпі	1. 1. 2. 1* көмекші құралдар (**тірек сызба**, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.	1	18.11	
62	**Жж** дыбысы және әрпі	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша **сұрақ қою**, сұраққа жауап беру;	1	19.11	

		1.4.1.1* **айтылуы** мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,есте сақтау арқылы ж а з у.			
63	**Жж** дыбысы және әрпі	1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	19.11	
64	**Әә** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, **түсініп оқу**)қолдану; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу	1	20.11	
65	**Әә** дыбысы және әрпі	1. 2. 8. 2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1. 4. 2. 2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	21.11	
66	**Пп** дыбысы және әрпі	1.2.1.1***сөйлем**, сөз,буын, дыбыстың графикалық сызбасын оқу; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	22.11	
67	**Пп** дыбысы және әрпі	1.3.3.1* сызба, **сурет,** белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру; 1.4.1.1*айтылуы мен **жазылуы бірдей** сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу.	1	25.11	
68	**Үү** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу)қолдану; 1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, **сұраққа жауап беру.**	1	26.11	
69	**Үү** дыбысы және әрпі	1.4.1.1*айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,**есте сақтау** арқылы жазу ; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу.	1	26.11	
70	Не үйрендім? Не білдім?	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, **сюжетті суреттің** мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау.	1	27.11	

71	Не үйрен дім? Не білдім?	1. 1. 6. 1 тыңдалым материалына өз ойын білдіру; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, **қатені түзету.**	1	28.11	
72	Не үйренді м? Не білдім?	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, **кідірісті сақтау**, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.4.1.1* айтылуы мен **жазылуы бірдей** сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу.	1	29.11	
73	**Өө** дыбысы және әрпі	1.2.1.2*оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу)қолдану; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу.	1	2.12	
74	**Өө** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	3.12	
75	**Гг** дыбысы және әрпі	1.1.2.1* көмекші құралдар (**тірек сызба**, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	3.12	
76	**Гг** дыбысы және әрпі	1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	4.12	
77	**Ии** дыбысы және әрпі	1.3.3.1* сызба, сурет, белгілер арқылы **шағын мәтін** құрастыру; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	5.12	
78	**Ии** дыбысы және әрпі	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, **екпін,** әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу.	1	6.12	
79	**Яя** қосарлы дыбысы және әрпі	1.2.8.4* Ұ, **я,** ю әріптері мен ь, ъ таңбаларының ерекшеліктерін түсіну; 1.4.1.1***айтылуы** мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,есте сақтау арқылы жазу.	1	9.12	
80	**Юю** қосарлы дыбысы және әрпі	1.2.8.4* Ұ, я**, ю** әріптері мен ь, ъ таңбаларының ерекшеліктерін түсіну; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	10.12	
81	**Хх** дыбысы	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша **шағын әңгіме**	1	10.12	

	және әрпі	құрау; 1.4.1.1*айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,**есте сақтау** арқылы ж а з у.			
82	**һ** дыбысы және әрпі	1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.4.1.1*айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы ж а з у.	1	11.12	
83	**Щщ** дыбысы және әрпі	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, **жұмбақ,** мақал- мәтел, өлең,әңгіме,ертегі) ажырату; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	12.12	
84	**Вв** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.4.2 2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	13.12	16.12 кір
85	**Ээ** дыбысы және әрпі	1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, **мәтінді тексеру**, қатені түзету.	1	16.12	
86	**Ёё** қосарлы дыбысы және әрпі	1.1.3.1* тақырыбы мен **иллюстрациясы бойынша** мәтіннің мазмұнын болжау; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	17.12	
87	**Ц ц** дыбысы және әрпі	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу,мәнерлеп оқу, **түсініп оқу**) қолдану; 1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	17.12	
88	**Фф** дыбысы және әрпі	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	18.12	
89	**Ч ч** дыбысы және әрпі	1.1.3.1* **тақырыбы** мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.3.3.1* сызба**, сурет,** белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру.	1	19.12	
90	**ь,ъ** таңбалары	1.2.8.4* Ұ, я**,** ю әріптері мен **ь, ъ** таңбаларының ерекшеліктерін түсіну ; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен	1	20.12	

		байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.			
91	**Әліпби**	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, **сюжетті суреттің** мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.4.1.1*айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,есте сақтау арқыл жазу.	1	23.12	
92	**Әліпби**	1.2.8.3 дыбыстың мағына ажыратудағы қызметін түсіну; 1.3.3.1* сызба, сурет, белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру.	1	24.12	
93	**Алақай, мен енді өзім оқимын!**	1.1.4.1 *коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, **алғыс білдіру**, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен **сөз, сөйлем**, мәтінді тексеру, қатені түзету.	1	24.12	
94	**Алақай, мен енді өзім оқимын!**	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдану.	1	25.12	
95	**Бірге оқиық !**	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын**, кідірісті сақтау,** ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.	1	26.12	
96	**Бірге оқиық !**	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, **тұтас оқу,** мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.4.1.1*айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту,есте сақтау арқылы жазу.	1	27.12	

Ескерту: ҚМЖ жоспарланғанда ** белгіленген және *бояуы қоюланған* оқу мақсатының бір бөлігі жүзеге асырылады.

*Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).
2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз № 348 бұйрығына 2-қосымша.
3. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша.
4. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте №29767 болып тіркелді.
5. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Математика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 26-қосымша.
6.«Әліппе» оқулығы. Ә.Е.Жұмабаева, Н.Ж.Құрман, Б.А.Сабденова Алматы: Атамұра, 2021

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	Әліппе
Бөлім:	Әліппе кезеңі
Педагогтің аты-жөні:	Садыкова Б
Күні:	19.12.2025
Сынып:	1 «А»
Сабақтың тақырыбы:	№88 сабақ. Фф дыбысы және әрпі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту 1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу
Сабақтың мақсаты	Фф дыбысы мен әрпін таныстыру, үйрету, меңгерту
Құндылық: *(Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II,III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)*	"АДАЛ АЗАМАТ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ Желтоқсан айы: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ Апта дәйексөзі: «Бірлік болмай тірлік болмас»
Сабақтың барысы	

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ тың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру «Сымсыз телефон» ойыны. Бастаушы бірінші баланың құлағына бір сөз айтады, ол екінші баланың құлағына сыбырлап айтады. Осылайша барлық ойыншы бір-бірінің құлағына сыбырлап айтады. Соңғы ойыншы естіген сөзін дауыстап айтады. Егер қате кеткен болса, қате жіберген адамды табады, сол бала ойын бастаушы болады.	Құлаққа сыбырлап айтатын сөз жанындағы балаларға естілмеуі қажет. Ал айтып жатқан бала сөзін түсінікті етіп айтуы керек.		Суреттер Сымсыз телефон
Өткенді пысықтау 5 минут	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. Құндылық мақсаты: Өзгені тыңдау, түсіну және диалог жүргізе алу	Өткенді пысықтайды	Дескриптор: Цц дыбысы мен әрпін біледі, қолданады Сөздерді тұтас, толық оқи алды	
Сабақ тың ортасы 20 минут	Өткенді пысықтау «Дөңгелете оқыту» әдісі Оқылым Цех цемент мотоцикл «Циркте» мәтінін оқы Тақырыпты ашу Дыбыстық талдау дағдыларын дамыту жұмысы. ФС тапсырмасы 1.Сурет бойынша әңгіме құрау. 2.Әңгімені сөйлемдерге талдау. Сөйлем санын анықтау.	Оқушылар сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды: «Фарида бүгін сабаққа бара алмады. Саматқа телефон соқты. Одан үй тапсырмасын сұрады».	Дескриптор: Өтілетін жаңа дыбысы бар «телефон» сөзіне дыбыстық талдау жасады «Ф»дыбысының айтылу ерекшелігімен таныс ты	Оқулық 

Сергіту сәті 2 минут	3.Бір сөйлемді сөздерге талдау. Сөйлемдегі сөз санын анықтау. 4.Өтілетін жаңа дыбысы бар «цирк» сөзіне дыбыстық талдау жасау. 5.Сөзді буынға бөліп, жаңа дыбыстың орнын анықтау. 6.«Ф» дыбысының айтылу ерекшелігімен таныстыру. 7.«Ф» дыбысының таңбасы – оның әрпімен таныстыру. 8.Моншақтардан «ф» әрпін жасау. Жаңа тақырып Дыбыстық жинақтау дағдысын дамыту жұмысы. Оқылым. 1.Оқулықтың 91-бетінде берілген сөздер мен мәтінді мұғалімнің оқушылармен бірге түсініп оқуы. 2.»Ф» дыбысының сөздің басында, ортасында келетін орнын оқушылардың өздіктерінен табуына мүмкіндік жасау. 3. Сөз мағынасымен жұмысты берілген сөздермен ұйымдастыру. Сөздің ортасына (кафе – кофе; ферма – фирма), сөз алдына (телефон – саксофон) тиісті дыбысты немесе буынды қосу арқылы оның мағынасы өзгеретінін түсіну. Жазылым 1.Оқулықтағы «Ф» әрпінің таңбалануына назар аудару. 2.«Ф» әрпін тақтаға жазып көрсету. 3.«Ф» әрпін ауада жазып көрсету. 4.Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. ЕБҚ  ЕҚБ Сөздердің мағынасын түсіндір	Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай және дауыстымен үндестіріп оқиды. Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмалар ды орындайды Жеке жұмыс жасайды Буындарды жаттайды	Моншақтардан «ф» әрпінің сұлбасын жасады.  Дескриптор: 2.Буындарды жеке тұтас сөздегі айтылуымен оқыды. 3.Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқыды.  Дескриптор: Сызықтарды бастырып жазу арқылы «ф» әрпінің бас және кіші әрпін жазды. Үлгі бойынша сөздер мен сөйлемдерді жазды. Каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және сауатты жазды Тамаша! 	 Оқулық  Суреттер  Жұмыс дәптері Кеспе буындар Суреттер Ойынға керекті заттар

Сабақты қорыту 6минут	кофе ферма фото кафе фирма факс телефон футбол телеграф Африка «Тіл ұстарту» жаттығуы **Наф-Наф** **Ниф-Ниф** **Нуф-Нуф**	Саралау тапсырмала рын орындайды	Сендер мықтысыңдар!	Оқулық
Қосымша тапсырма 2минут	Саралау тапсырмасы *деңгей:* Дыбыстық сызбаға сәйкес келетін сөзді анықта.	Қосымша жұмыс орындайды	Дескриптор: 1-деңгейдегі оқушылар сызбаға сәйкес сөзді табады: кофе. 2-деңгейдегі оқушылар «ф» дыбысының микрофон, кофе сөздеріндегі орнын анықтады. 3-деңгейдегі оқушылар микрофон, кофе сөздерінің бірімен сөйлем құрады.	Оқулық Суреттер
Кері байланыс 5 минут	*деңгей:* «Ф» дыбысының микрофон, кофесөздеріндегі орнын анықта. *деңгей:* *Микрофон, кофе* сөздерінің бірімен сөйлем құра. ФС тапсырмасы ҚЖ: «Балық аулау» ойыны Кері байланыс	Кері байланыс жасайды	«Жұлдыздар шеруі » әдісі	Кері байланыс тақтасы

	«Жұлдыздар шеруі» әдісі			

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	**Әліппе**
Бөлім:	Әліппе кезеңі
Педагогтің аты-жөні:	Садыкыова Б
Күні:	02.12.2025
Сынып:	1 «А»
Сабақтың тақырыбы:	**№73 сабақ. Өө дыбысы және әрпі**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу
Сабақтың мақсаты	Өө дыбысы мен әрпін таныстыру, үйрету
Құндылықтар: **Қараша айы: Әділдік және жауапкершілік** Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну	**Сабақ құндылығы:** ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ Мемлекеттік тілді білу **Апта дәйексөзі:** «Жауапкершілік –адамгершілік қасиеттің көрінісі»

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру «Дауысынан тап» жаттығуы. Төрт түліктің дауысын ести отырып, атауын табады.	Төрт түліктің дауыстарын ажыратады		Аудиодыбыс
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау «Балмұздақ таяқшалары» әдісі Буындардан сөз құра. Буындарды қосып, сөзді тұтас оқы	Таяқшаларда ғы буындарды қосып оқиды	Мықтысыңдар!	Балмұздақ таяқшалары
Сабақ	Тақырыпты ашу			Суреттер

тың ортасы 20 минут	Дыбыстық талдау дағдыларын дамыту жұмысы. 1.Сурет бойынша әңгіме құрау. 2.Әңгімені сөйлемдерге талдау. Сөйлем санын анықтау. 3.Бір сөйлемді сөздерге талдау. Сөйлемдегі сөз санын анықтау. 4.Өтілетін жаңа дыбысы бар «өрнек» сөзіне дыбыстық талдау жасау. 5.Сөзді буынға бөліп, жаңа дыбыстың орнын анықтау. 6«Ө» дыбысының айтылу ерекшелігімен таныстыру. 7.«Ө» дыбысының таңбасы – оның әрпімен таныстыру. 8.Жіптен «ө» әрпін жасау. Жаңа тақырып Дыбыстық жинақтау дағдысын дамыту жұмысы. Оқылым. 1.Оқулықтың 76-бетінде берілген сөздер мен мәтінді мұғалімнің оқушылармен бірге буындап, тұтастай оқуы. 2.«Ө» дыбысының сөз алдында, ортасында келетін орнын оқушылардың өздіктерінен табуына мүмкіндік жасау. 3.Сөз мағынасымен жұмысты берілген сөздермен ұйымдастыру. Сөздің соңына (өнер – өнерлі), сөз алдына (бөрік – көрік), сөз ортасына (өрнек – өрмек) тиісті дыбысты немесе буынды қосу арқылы оның мағынасы өзгеретінін түсіну. Жазылым 1.Оқулықтағы «ө» әрпінің таңбалануына назар аудару. 2.«Ө» әрпін тақтаға жазып көрсету. 3.«Ө» әрпін ауада жазып көрсету. 4.Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. ТІл ұстарту жаттығуы Өк-өк-өк, тары мен сөк	Оқушылар сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды: «Әсем қағазға өрнек салды. Өрнегі өте көркем болып шықты. Апасы оны мақтады». Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай және дауыстымен үндестіріп оқиды. Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды Тіл	Дескриптор: Өтілетін жаңа дыбысы бар «өрнек» сөзіне дыбыстық талдау жасады «Ө» дыбысының айтылу ерекшелігімен таныс Жіптен «ө» әрпінің сұлбасын жасады.  Дескриптор. Буындарды жеке тұтас сөздегі айтылуымен оқиды. Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқиды. Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды Дескриптор: Сызықтарды бастырып жазу арқылы «ө» әрпінің бас және кіші әрпін жазды. Үлгі бойынша сөздер мен сөйлемдерді жазды.	 Оқулық Жіп  Суреттер  Оқулық




Сергіту сәті 2 минут	Жаңбыр,жаңбыр төк	жаттығуын жасайды		
	ЕБҚ Сөздерді оқы Өлең, бөрік, көмір, өмір, сөндір	Жеке жұмыс жасайды		Суреттер
	ЕҚБ «Өнерлі бала» мәтінін тақтаға көшіріп жаз			
Сабақты қорыту **6**минут	ФС тапсырмасы Бекіту және саралау Саралау тапсырмасымен жұмыс ұйымдастыру: 1- деңгей: Дыбыс сызбасындағы жасырынған сөзді тап. Ж: Төл.	Саралау тапсырмала рын орындайды	Дескриптор: 1-деңгейдегі оқушылар дыбыс сызбасында жасырынған сөзді тапты	Оқулық 
Қосымша тапсырма 2минут	2- деңгей: Ө» дыбысы сөздің қай жерінде келетінін анықта. 3-деңгей: Төлдер сөзімен сөйлем құрау		2-деңгейдегі оқушылар «ө» дыбысының сөздегі орнын (ортасында, алдында, соңында) анықтады. 3-деңгейдегі оқушылар төлдер сөзімен сөйлем құрады.	 
Кері байланыс 5 минут	ҚЖ: Сөздік диктант Өмір, көмір, өрмек, өрнек, өзен, өнерлі, өріс.	Диктант жазады		Оқулық Суреттер
		Кері байланыс жасайды		Кері байланыс парағы

			«Білім сандығы» әдісі	

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі	
Пәні:	**Әліппе**	
Бөлім:	Әліппе кезеңі	
Педагогтің аты-жөні:	Садыкова Б	
Күні:	24.10.2025ж	
Сынып: 1 «А»	Қатысқандардың саны:	Қатыспағандардың саны:
Сабақтың тақырыбы:	**№48 сабақ. Не үйрендім? Не білдім?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.5.1* заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау	
Сабақтың мақсаты	Заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолданады. Сөйлеу б/да дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтайды, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізеді. Дыбыстың таңбасы – әріпті таниды, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажыратады. Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қояды.	
Құндылықтар: **Қазан айы: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**	**Сабақ құндылығы:** Мемлекеттік тілді білу Отан, ел, туған өлке туралы білу **Апта дәйексөзі:**«Отанды сүю – отбасынан басталады!»	

Сабақтың барысы




Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут	Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуалды жақсарту Оқушылармен амандасу Оқушыларды түгелдеу Көңіл - күйіміз қалай? **Өткенді пысықтау** **ФС тапсырмасы** Сурет бойынша әңгіме құра Тақырыбы: «Құстарға қамқорлық» 	Амандасады Әңгіме құрайды	Мақтап, мадақтап отыру 	Суреттер 
Сабақтың ортасы 20 минут	**Тақырыпты ашу** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы:** Мемлекеттік тілді білу Суретте берілген зат атауларын буынға бөлу. Суретте берілген қателерді табу. Қателер: (қояннның құйрығы, түлкінің құйрығы және тауықтың құйрығы бір-бірімен ауысып кеткен). Қоян, түлкі, тауық сөздерін буынға бөледі: қо-ян, түл-кі, та-уық. **Жаңа тақырып** 2. Дауысты дыбыстан басталатын жемістерді атау.	Оқушылар суретте берілген қателерді табады Оқушылар дауысты дыбыстан басталатын жемістерді атайды: алма, апельсин.	Дескриптор: Суретте берілген зат атауларын буынға бөлді Суретте берілген қателерді тапты Дескриптор: Оқушылар дауысты дыбыстан басталатын жемістерді атады: алма, апельсин.	оқулық  оқулық Суреттер

Сергіту сәті 2 минут ***Сабақты қорыту*** **6**минут	 Алма, апельсин. 3.Дыбыстық талдау дұрыс жасалған-жасалмағандығын анықтау.  Тіл ұстарту жаттығуын жасату **Саралау тапсырмасы** 1-деңгей: Ұяшықтарды суреттермен сәйкестендір (жазу дәптеріндегі 5-тапсырма). 2-деңгей: Торғай, ұршық, шана, сағат сөздеріне дыбыстық талдау жаса. 3-деңгей: Торғай, ұршық, шана, сағат сөздерінің бірімен сөйлем құра. Бүгінгі сабақтың тәрбиелік мәні ашылатындай мазмұнда сұрақтар қою, жауап алу. «Үйрете отырып, үйренемін» әдісі Бірлескен жұмыс **ЕҚБ және ЕБҚ** Өтілген әріптерді тақтаға жазба түрін жазып көрсет. Оларға сөздер тауып жаз. Мысалы: Ұ-ұлан, Ш- шана.... **ҚЖ:** Сөздік диктант Шана, монша, дала, Ардақ, ҰЗАҚ, құлын, ұзын, ұршық. 	Оқушылар дыбыс сызбасының дұрыс немесе бұрыстығын анықтайды. Жаттығу жасайды Оқушылар өздеріне берілген саралау тапсырмала рын орындайды. Жеке жұмыс жасайды Диктант жазады Кері байланыс жасайды	Оқушылар дыбыс сызбасының дұрыс немесе бұрыстығын анықтады.  Дескриптор: 1-деңгей Оқушылар ұяшықтарды суреттермен сәйкестендірді. 2-деңгей Оқушылар торғай, ұршық, шана, сағат сөздеріне дыбыстық талдау жасады. 3-деңгей Торғай, ұршық, шана, сағат сөздерінің бірімен сөйлем құрады  Жарайсыңдар! «Нысана» әдісі	оқулық Дыбыстық талдау үлгісі Суреттер  Тақта Бор Парақтар Стикерлер Таяқшалар
Қосымша тапсырма 2минут				
Кері байланыс 5 минут				

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER NURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	**Әліппе**
Бөлім:	Әліппе кезеңі
Педагогтің аты-жөні:	Садыкыова Б
Күні:	03.10.2025ж
Сынып:	1 «А»
Сабақтың тақырыбы:	**№30 сабақ. Тт дыбысы және әрпі**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу
Сабақтың мақсаты	Тт дыбысы және әрпін таныстыру, меңгерту
Құндылықтар: **Қазан айы: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**	**Сабақ құндылығы:** Мемлекеттік тілді білу **Апта дәйексөзі:** «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуалды жақсарту «Не жетіспейді?» жаттығуы Балалар, біз сендермен сөйлейтін сиқырлы тауға да келіп жеттік. Тау бізге тапсырма берді, біз оны орындасақ, сөйлейтін тау да бізге жол көрсетеді екен. «Не жетіспейді?» деген тапсырмада жетіспейтін бояуларды өз орнына рет-ретімен дұрыс қоя білу қажет.	Оқушылар мұғалімнің ұсынған суреттерін түрлі түсті қарындаштармен бояп шығады. (Суреттердің кейбір бөліктері боялмаған.)	Мақтап, мадақтап отыру 	Кейбір бөліктері боялмаған әртүрлі суреттер (еліміздің табиғаты бейнеленген суреттер), түрлі түсті қарындаштар
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Буынды және сөздер мен сөйлемдерді оқы Ат ата атта От ота отар -Тастан,атта! -Атта, ата! -Анау-отар. Тастан, отар арала	Оқулықтағы сөйлемдерді оқиды	Дескриптор: Сөз, сөйлемдерді оқыды Тыныс белгілеріне сай дауы ырғағын өзгерте оқи алады	суреттер
Сабақтың ортасы	**Тақырыпты ашу** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Мемлекеттік тілді білу** **1-тапсырма**		Дескриптор: Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты	Оқулық

20 минут	Оқылым Сөздерді буындап, тұтас оқу. Ту тар от тас тос Тау тор Отан тасу тосу	Сөздерді оқиды	қосып оқыды Буындарды жеке тұтас сөздегі айтылуымен оқыды.	
	Жаңа тақырып 2-тапсырма Көп нүктенің орнында қандай сөз жасырулы тұрғандығын сурет арқылы анықтау тас-тастар тон-тондар	Тапсырмаларды орындайды	Дескриптор. Көп нүктенің орнында қандай сөз жасырулы тұрғандығын сурет арқылы анықтады	Суреттер 
	Сызба-модельге сәйкес сөйлемді оқу. Тастан,тарақ ал. Тастан, ләптерлерді тарат.	Мәтін құрайды	Сызба-модельге сәйкес сөйлем құрап оқыды Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрап оқыды	
	Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрап оқу. Анау-тау. Ол-Алатау. Алатау-тау.			
	ЕБҚ Сөздерді оқы. Мағынасын айт 	Сөздерді оқып, мағынасын айтады	Дескриптор: Сөздерді дұрыс оқыды Сөздердің мағынасын біледі	Қималар Суреттер
	ЕҚБ Сөздерді оқы және сөйлем құра Қазақстан-менің Отаным! Шашынды тара. 	Сөздерді оқып, сөйлем құрайды	Дескриптор: Сөздерді дұрыс оқыды Олармен сөйлем құрады	Қима қағаз
Сергіту сәті 2 минут	ТА-та-та, ол-ата Ту-ту-ту, бұл біздің ту Тау-тау-тау, анау-Алатау	Тіл ұстарту жаттығуын жасайды		Суреттер

	Жазылым. 1. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. 2. Оқулықтағы сөйлемді дәптерге және тақтаға көшіріп жаз Ат, от, тау, тон. Тастан, отар арала.	Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды	Дескриптор: Үзік сызықтарды бастырып жүргізу арқылы сөздерді жазды. Оқулықтағы тапсырманы дәптерге орындады	оқулық Жұмыс дәптері
Сабақты қорыту **6**минут	Саралау тапсырмасы 1-деңгей: Бос ұяшыққа «а» немесе «о» әріптерінің тиістісін қой. Сөз құра. Ат, от, тау, тон. 2-деңгей: «Т» дыбысының ат, от, тау, тон сөздеріндегі орнын анықта. 3-деңгей: Ат, от, тау, тон сөздерінің бірімен сөйлем құрау. Ат ойнақтады. Тау биік екен.	Оқушылар өздеріне берілген саралау Тапсырмаларын орындайды.	Дескриптор: 1-деңгей Бос ұяшыққа тиісті әріпті қояды. сөз құрады 2-деңгей «Т» дыбысының сөздердегі орнын анықтады 3-деңгей Ат, от, тау, тон сөздерінің бірімен сөйлем құрады.	оқулық оқулық
Қосымша тапсырма 2минут	ҚЖ: Сөздерге дыбыстық талдау жаса 	Дыбыстық талдау жасайды	Дескриптор: Сөздерге дыбыстық талдау жасады Дыбыстарды ажырата алды	Қима қағаздар 
Кері байланыс 5 минут		Кері байланыс жасайды	«Алма ағашы» әдісі	Қызыл Сары алмалар

	«Алма ағашы» әдісі			